

условиях важным фактором успеха во всех организациях, в том числе и в образовательной сфере являются PR-коммуникации и информация. За PR – большое будущее и заниматься этим делом необходимо серьезно и профессионально. PR-специалисту следует знать тенденцию и структуру рынка, его ключевых игроков. Создать положительные взаимоотношения с общественными группами, в том числе с журналистами и конкурентами.

Литература

1. Журналистика Казахстана: энциклопедия/ Под ред. Козыбаева С.К. – Алматы: Экономика, 2006. С. 301
2. Даг Ньюсом, Джули Ван Слайк Терк, Дин Крукеберг. Все о PR. Теория и практика публик рилейнз. – М.: Изд. Дом «Инфра-М», 2011. С.81.
3. Шишкина М.А. Паблик рилейнз в системе социального управления. СПб: Паллада-медиа СЗРЦ Русич, 2002. – С.345.

Мухатаева Қ.,
ф.ғ.к., ҚазҰУ доценті

МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ISSN АҚПАРАТТАР ЖҮЙЕСІ

Қазақстан Республикасының БАҚ туралы заңының 16 бабына сәйкес мерзімді және жалғаспалы басылымдардың келіп түсіп отыратын тегін міндетті даналарының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының жыл сайын шығарып отыратын «Қазақстан Республикасының баспасөзі-2013 жыл: статистикалық жинағының» мәліметі бойынша 2013 жылы 2176 мерзімді және жалғаспалы басылымдар тіркелген. Оның ішінде 986 журнал және жалғаспалы басылым. Осы 986 санын әрі қарай жіктесек, онда 880 журнал, қалғандары альманах, бюллетеньдер, библиографиялық көрсеткіштер және мерзімді шығарылып тұратын жинақтар. Журнал және жалғаспалы басылымдарды шығаратын алдыңғы бестікке жататын қалалар: Алматы қаласы-681, Астана-95, Қарағанды қаласы-50, Шымкент-23, Өскемен қаласынан -15 аталыммен шығарып, алдыңғы қатарды иеленген. Тіліне қарай 187 қазақша, 359 орыс тілінде, 7 ағылшынша, 2 ұйғырша және өзбекше болып жіктелген. Сонымен қатар мерзімді және жалғаспалы басылымдарды жіктегенде тек бір ғана тілде емес, екі, үш, төрт тілде аралас мәтінмен шығатын журналдар көп кездеседі. Тақырыбына қарай келсек қоғамдық-саяси басылымға-226, балаларға арналған басылымдар-35, ғылыми-жаратылыстану басылымдары-43, техникалық басылымдар -178, халық ағарту, мәдениет, бұқаралық-ақпараттық және насихаттау басылымдары-265, медицина басылымдары-67, өнер, өнертану басылымдары-23, аграрлық-өнеркәсіптік кешен саласындағы басылымдар- 15, дене шынықтыру және спорт басылымдары-9, филология ғылымдары бойынша басылымдар-17, көркем әдебиет басылымдары-27, философия-10, дін саласында-4, география-14, басқа да әр түрлі тақырыптарды қамтитын басылымдар болып бөлінеді, байқалып отырғандай білім мен мәдениет, ғылыми басылымдар басымырақ екенін байқаймыз.

Республикадан шығарылатын барлық газеттер саны-1190. Оның ішінде 11 халықаралық, 115 республикалық, 56 облыстық, әрі қарай 15 аймақтық, 93 қалалық, 184 аудандық, 27 тәуелсіз, 34 жоғары оқу орындары газеттері, 37 қоғамдық ұйымдар, ведомствалық, өндірістік болып жіктеледі. Газет басылымын шығаруда 377 Алматыдан, 157 Оңтүстік Қазақстаннан, 102 Астанадан, 102 Шығыс Қазақстаннан, 100 Қарағандадан тіркеліп, алдыңғы бестікті құраған. Қазақша 334, орыс тілінде 578, ағылшынша 1, өзбекше 6, ұйғырша 1, сонымен бірге аралас тілдерде шығарылады.

2014 жылдың бірінші жартысына дейін республикада шығарылып отырған осы мерзімді және жалғаспалы басылымдарды реттеп отыратын ГОСТ 7.4-95 халықаралық стандарты болып келді. Өздеріңіз көріп отырғандай бұл стандарттың ескіруіне байланысты ТМД елдері әрқайсысы өз мемлекетінің мерзімді басылымдарының шығарылымдарын реттейтін стандарттарын жаңадан дайындап, іске қосты. Мысалы, Ресейде ГОСТ Р 7.0.4- 2006 «Басылым. Шығарылым мәліметтері. Жалпы талабы мен рәсімдеу ережелері» стандарты 2006 жылдан қолданыста. Осыған орай бір айта кететін жетістік Қазақстан Республикасында да 2014 жылдың 1 шілдесінен бастап ҚР СТ 2383-2013 Басылым. Шығарылым мәліметтері. Жалпы талабымен рәсімдеу ережелері стандарты өз күшіне еніп, қолданысқа енді. Стандарт бойынша кітап, журнал және жалғаспалы басылымдар, нота, бейнелеу өнері, электронды басылымдар ж.б. басылымдардың шығарым мағлұматтары, шығу деректерін орналастыру рәсімдері беріліп, мысалдармен келтірілген.

Республика басылымдарында стандарттың шарты орындалмай, қателіктер жіберілген болса, оны бақылап, ескертулер жасап, методикалық нұсқау-консультациялар беріп отыру Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік кітап палатасына жүктелген. Сондықтан да бар республикадан шығарылатын

басылымдар мен Кітап палатасы арасында шығармашылық байланыс орнаған. Сонымен бірге мерзімді және жалғаспалы басылымдарды халықаралық деңгейде тіркелуін бақылайтын ГОСТ 7.56-2002 стандартының ақпараттық атқаратын қызметіне қысқаша тоқталып өтсек.

Мерзімді басылымдардың жиынтығын халықаралық терминология бойынша – сериялы басылымдар деген атау қалыптасқан. Сериялық басылымдардың халықаралық стандартты нөмірі (ISSN) мемлекетаралық ГОСТ 7.56–2002 Ақпарат, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Басылым. Сериялық басылымның халықаралық стандарт нөмірі (Международная стандартная нумерация сериальных изданий) стандартына сәйкес беріледі.

ISSN – сериялық (мерзімді) басылымдарды халықаралық стандартты нөмермен тіркейтін автоматтандырылған жүйе. Бұл халықаралық код – барлық сериялық басылымдарды басылымның еліне, тіліне, әрпіне, шыққан, түскен уақытына қарамастан басылымды танып-білуге, іздеп табуға көмектесетін бірден-бір ақпараттық құрал болып табылады.

ISSN эмбебан идентификациялық белгісін (код) алу — Қазақстандағы мерзімді басылымдардың дамуына, халықаралық стандартқа сай дамыған елдердің баспа өнімдерімен бәсскеге түсе алатындай деңгейде болуына ат салысады. ISSN нөмерімен тіркелген мерзімді басылымдар Париждегі ISSN халықаралық мерзімді басылымдарды тіркеу орталығы арқылы халықаралық ақпараттық жүйеге кіреді. Яғни мерзімді басылымды ISSN нөмері арқылы әлемнің қай түкпірінен іздесе де, бірден тауып алады. Басылымның халықаралық деңгейде беделі көтеріледі, кітапханалардағы іздестіру жұмыстарын жеңілдетеді, сонымен бірге сауда саласында, тасымалдауда, сатуда, іздестіруде көп уақыт алмайды, экономикалық жағынан да өте тиімді болады.

Қазақстаннан шығатын барлық товар өнімдері штрих-кодқа өтіп жатқаны сияқты, Қазақстанның баспа өнімдері де автоматтандырылған есепке алу мақсатында штрих-код жүйесіне өтіп жатыр. Мерзімді басылымдар да ISSN нөмері арқылы штрих-кодқа ие бола алады.

Штрих-кодты мерзімді басылымдарға қолдану ерекшелігі туралы айта кететін болсақ, кейбір газет, журнал басылымдарында пайдаланып жүрген 487- санымен басталатын штрих-код, ол әрине халықаралық деңгейде газет басылымы деген ақпарат бермейді. 487-ден басталатын штрих-кодтар, газет, журналдан басқа товарларға берілген Қазақстандық код. Ол код ISSN – сериялық (мерзімді) басылымдарды халықаралық стандартты нөмермен тіркейтін орталығында тіркелмеген. Өкінішке орай, ол тек біздің республикада ғана емес, басқа да ТМД елдерінде өз елдерінің товар номерлерін осылайша газет-журнал басылымдарына беруі де кездесіп келеді. Әрине, ол газет, журнал қызметкерлерінің ISSN- стандарты жүйесін түсінбегеннен туған қателік. Ешбір баспа, баспасөз басылымдарына Қазақстанның товар өнімдерінің коды- 487 санынан басталатын штрих-кодын қоюға болмайды. Еуропалық товар ассоциациясының әлем кітап баспа өнімдеріне берілген- 978, сериялық басылымдарға берілген 977- халықаралық коды бар, сондықтан бар басылымдардың штрих-кодтары әлемде осы екі саннан, кітап -978, журнал-977 санынан басталады. Ал штрих-кодқа өту ISBN, ISSN, ISMN номерлері арқылы болады. Мұны әр баспагер білуі шарт. ISBN, ISMN- номерлерінен ISSN- номерінің айырмашылығы ISSN сегіз санынан тұрады. ISSN 2121-3232 осылай беріледі. ISBN, ISMN белгілерінде ISBN 978-9965-09-607-5 осында тұрған сандарды толық таратып айтсақ, бірінші 978- жоғарыда айтылғандай кітап өнімі деген ақпарат береді, екінші 9965- Қазақстанның коды, үшінші 09 Білім баспасының коды, 607 көрсеткіші сол баспадан шыққан кітаптың реттік саны, соңғы 5 саны тексеру саны яғни ISBN нөмері дұрыс тұр ма, немесе қате жазылған ба соны тексеретін сан. ISMN сандарынан да осындай ақпарат аласың, яғни қай мемлекеттен, қай баспадан шыққаны туралы ақпаратты алдыңғы цифрлардан ала аласың. Ал ISSN сандары ондай мемлекетті, баспаны көрсетпейді, тек басылымның өзінен ақпарат береді. Әрбір басылымға тіркелген ISSN нөмірі- құрылтайшысы, редакторы, мерзімі, тілі өзгергенімен тіркеу нөмірі өзгермейді, сол тіркелген номерімен шығуын жалғастыра береді, тек басылымның ағы өзгерсе ғана жаңа номермен қайта тіркеледі. Бір рет берілген ISSN нөмірі екінші рет қайталанбайды.

Бүгінгі таңда әлемнің 180 елінде ISSN ақпаратты жүйесі қолданылады.

Әрбір баспа өнімімен жұмыс істейтін мамандар өз басылымдары қандай номермен тіркелгендігін және оның мән-мазмұнымен де түсінігі болуы керек. Баспа өнімдеріне байланысты стандарттарды білу және оны сауатты түрде пайдалана білу басылымның мәдениеттілігін көрсетеді. Басылым сауатты да сапалы деңгейінде болса, тұтынушының тез тауып алуына көмектеседі және ол басылымдармен жұмыс жасайтын библиографтар мен ақпаратты-автоматтандырылған жүйелердің жұмысын да жеңілдетеді.

Мерзімді басылымдардың халықаралық стандартты номермен тіркеуге алынатын басылымдары: газеттер, журналдар, жылынамалар, жалғаспалы басылымдар, мерзімді болып тұратын конференция, симпозиумдардың материалдары, сонымен бірге сериялық аудио-видео басылымдар, сериялы электронды басылымдар болып келеді.

ISSN нө
Халықаралы
таратады. К
палатасына
ISSN нө
екі төрттік
интервал бе
мерзімді ба
егер тыста
ISSN нө
соңғы бетте
Сериялы
тікелей орна
Басылым
соңғы бетте
жаза салу, н
басылымда б
Төменде
жинағынан а

Басылым түрлері
Барлығы
Халықаралық
Республикалық
Облыстық
Аймақтық
Қалалық
Аудандық
Тәуелсіз
Жоғары оқу орны
Низовые
Ведомстволық
Қоғамдық ұйымдар
Өндірістік
Басқа басылымдар

2013 жылы п

Басылым
Жа
Қосымша (өткен жылдарда)
Барлығы

ISSN номері блоктарын дайындап тарататын Париж қаласындағы Халықаралық ISSN орталығы. Халықаралық ISSN орталығына мүше мемлекеттерде әр мемлекеттің өз ішінен ашылған Агенттіктер таратады. Қазақстан Республикасында бұл міндет Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік кітап палатасына жүктелген.

ISSN номерінің құрылымына келсек ол ISSN аббревиатурасы және арасы дефиспен ажыратылған екі төрттік санның құралады. ISSN 5555-7777. ISSN аббревиатурасы мен сандардың арасы бір интервал бөлініп жазылады. Орналасу тәртібі ҚР СТ 2383-2013 стандартының талабына орай, мерзімді басылымның мұқабасына, не тыстамасының жоғарғы оң жақ бұрышына орналастырады, егер тыстамасы, мұқабасы болмаған жағдайда титул беттің жоғарғы оң жақ бұрышына беріледі.

ISSN номері газеттерде бірінші бетте жоғарғы жағында шығарылым мағлұматтарында, немесе соңғы бетте шығу деректерімен бірге, әр номерде беріліп отырады.

Сериялық аудио-видео басылымдарда, сериялы электронды басылымдарда – электронды жүйеге тікелей орналасқан жапсырма қағазда немесе қағаз түріндегі жолдама құжатта орналастырады.

Басылымдардың штрих-коды да стандарт бойынша алдыңғы беттің төменгі жағынан немесе соңғы бетте беріледі. Басылымдарда көп кездесетін қателіктер штрих-код пен ISSN номерін бірге жаза салу, немесе тек қана штрих-кодты ғана беру, дұрысын айтқанда стандарт бойынша скеуі де басылымда беріледі, әрқайсысы стандарт бойынша өз қойылатын орнында тұруы керек.

Төменде оқырман назарына Қазақстан Республикасының баспасөзі-2013 жыл: статистикалық жинағынан алынған газет пен журналдың кестесі беріліп отыр.

2013 жылы шыққан газеттерді түрлері бойынша бөлу кестесі

Басылым түрлері	Басылым саны	Нөмірлер саны	Бір реттік таралым (мың дана)	Жылдық таралым (мың дана)	Көлемі (мың) печ. листог-оттискал (в тыс.)
Барлығы	1190	49160	23172,00	1189804,75	6671396,18
Халықаралық	11	344	97,81	3091,74	14825,24
Республикалық	115	6239	4756,63	342083,98	1690707,71
Облыстық	56	5925	737,85	104450,82	422863,72
Аймақтық	15	646	62,80	3224,24	10365,86
Қалалық	93	4630	806,17	43554,33	284165,64
Аудандық	194	11109	688,11	42926,72	104632,86
Тәуелсіз	27	1026	344,28	36652,98	145775,07
Жоғары оқу орны	34	405	37,01	451,03	1004,90
Низовық	2	18	7,00	84,00	268,80
Ведомстволық	24	717	93,71	3231,53	10931,32
Қоғамдық ұйымдар	37	685	215,40	4581,47	18362,33
Өндірістік	20	576	167,31	3472,35	9386,67
Басқа басылымдар	562	16840	15157,91	601999,58	3958106,07

2013 жылы шығарылған мерзімді және жалғаспалы басылымдарды түрлері бойынша орналастыру

Басылым атауы	Басылым саны	Нөмірлер саны	Бір реттік таралым	Жылдық таралым	Көлемі (мың) печ. листов-оттисков
Жалпы	986	7326	7119,39	75025,35	396512,63
Қосымша журналдар (өткен жылдардан келіп түскендер)	47	236	1019,3	15606,4	18458,79
Барлығы 2013 ж.	939	7090	6100,09	59418,95	378053,84

Басылым атауы	Басылым саны	Нөмірлер саны	Бір реттік таралым	Жылдық таралым	Көлемі (мың) псч. листов-оттисков
<i>Альманахтар</i>	6	23	6,32	23,88	190,37
Библиографиялық корсеткіштер	7	63	0,76	5,65	36,99
Бюллетендер	32	415	148,04	2685,75	7011,54
Журналдар	880	6439	5863,72	55869,85	365003,05
Жинақтар	9	112	4,25	107,76	2104,46
Басқа басылымдар	5	38	77,00	726,05	3707,42

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы мерзімді және жалғаспалы басылымдар шежіресі-2013.- Алматы : Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы, 2014.-205 б.
2. ҚР баспасөзі: статистикалық жинақ – 2013.- Алматы, 2014.-130 б.
3. ГОСТ 7.56-2002 «Международная стандартная нумерация сериальных изданий» – Москва,2002.

Қадырғиязов Н.С.,

филология ғылымдарының кандидаты, доцент
«Тұран» университеті

ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ СОТ РЕФОРМАСЫ

«Записки Императорского Русского Географического общества» журналында Ш. Уәлихановтың «Записка о судебной реформе у киргиз Сибирского ведомства» атты мақаласы жарық көрген [1]. Онда автор 1854 жылы патша әкімшілігінің өкімімен қазақ даласында басталған сот реформасына өзінің келелі сын көзқарасын журнал оқырмандарына ұсынады.

Сот реформасының барысы бойынша дала халқының ойын білуге іс сапарға жіберілген облыстық басқарма кеңесшісі Яценконың тек қана би, болыс, сұлтандардың айтқан ойын ғана жазып әкелгендігін, ал, қарапайым халықтың ойы ескерілмегендігіне автор өз проблемалық мақаласында үзілді-кесілді қарсы шығып, былай дейді: «На мнение же привилегированных классов общества следует смотреть не иначе, как на отрицательное выражение истинных народных нужд, ибо интересы знатных и богатых людей, даже в обществах высокоцивилизованных, бывают, большей частью, враждебны интересам массы, большинства... Мнение султанов и биев еще менее заслуживают уважения, ибо интересы целой нации, по строгой справедливости, должен предпочитаться выгодам отдельного сословия. Вообще вопросы о реформах требуют большой осторожности и глубоких соображений, ибо от них зависит народное – «быть или не быть» [1, 152б].

Жас ғалым, этнограф сол кезеңдегі Ресей империясындағы халықтар арасындағы қазақ халқының алатын маңызды орнын былай деп ерекше ашады: «Из всех инородческих племен, входящих в состав Российской империи, первое место по многочисленности, по богатству и, пожалуй, по надеждам на развитие в будущем, принадлежит нам, киргизам. Мы занимаем одну обширную сплошную территорию, между тем как другие инородцы разбросаны среди русского населения... Вся, так называемая, среднеазиатская торговля России есть не более, не менее, как торговля наша... Народ наш, наконец, не в такой степени дик и груб, как думает об нем большинство русских. Говоря серьезно, киргизский народ принадлежит к числу наиболее миролюбивых и, следовательно, к числу наименее диких инородцев Русского царства» [1, 154б].

Шоқан Уәлиханов бұл проблемалық мақаласында қазақ даласында жүргізіліп жатқан сот реформасы туралы батыл ойлар айтады және өз халқының салт-дәстүрін жетік білетін, халқын сүйер азаматтың жан айқайы десек қателеспейміз. Билер би болып өмір бойы сайланғысы келеді, ал, болыстар өзінің тілін алатын, айтқанына көнетін билерді өздері сайлағысы келеді. Міне осы тартыстан қарапайым халыққа заладан басқа келер пайданың жоқ скендігін автор түсіндіргісі келді. «Биям хотелось, чтобы их избрали на более продолжительный срок, чтобы им предоставили право принятия и решения дел по личному усмотрению и право участвовать в исполнении решений, хотелось биям, чтобы решения их в известных случаях не подлежали обжалованию, словом,

Тұрсын Қ., Досжанова К.

ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ ЖАҢА ТАНЫМ, СОНЫ КӨЗҚАРАСТАР 95

**Қазақстан баспа бизнесі мен полиграфиясының даму
бағыттары мен новациялары**

4

істер:

Мухамбедьярова А.Т.

ОСНОВА ДЛЯ РАЗВИТИЯ СОЦИАЛЬНО ОРИЕНТИРОВАННОГО
ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА 100

Ботабеков Қ.

МҰСТАФА ШОҚАЙ КӨСЕМСӨЗІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІҢ КӨРІНІСІ 101

Жеделов Қ.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ
БАСПА ІСІНДЕ ДИЗАЙН ӨНЕРІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ 107

Абдуова Б.С., Ашенова А.Т.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҒЫЛЫМДАҒЫ ЗОР ИДЕЯЛАР МЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕМЕЛЕР 109

Рахметова Р.С.

СТУДЕНТТІҢ ОЙЛАУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ 112

Әбдиева Р.

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ МӘДЕНИ МӘЙЕГІ - ҚАЗАҚ КІТАБЫ 115

Дудилова Е. И.

ЖУРНАЛИСТИКА В ФОРМАТЕ G-GLOBAL КАК ФАКТОР УСТОЙЧИВОГО
РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА 118

Курманбаева А., Майкотова Г.

ИСТОРИЯ ВОЗНИКНОВЕНИЯ И РАЗВИТИЯ КНИГОПЕЧАТАНИЯ 122

Тілепберген А., Құрманбаева А.

ОЮ-ӨРНЕК ӨНЕРІ: ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАНЫМЫ 126

Муканова Г.К.

ГЛОБАЛЬНЫЕ МЕДИАТРЕНДЫ И ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ 129

Нұсқабаев О., Баєтов К., Баєтов Б.

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ 132

Ноғайбаева Ж.

ШЕТ ТІЛІН ИГЕРУДІҢ ӘЛЕМНІҢ САЯСИ АРЕНАДАҒЫ ОРНЫ 134

Мұқатов П.

ТОРҒАЙ ДАЛАСЫНДАҒЫ БАСТАПҚЫ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТҮРЛЫҒҮЛ МОЛДА 137

Есенбек Ж.Б.

ТҮРКИЯ БАНКТЕРІНДЕГІ PR ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 140

Сүлейменов П.М., Алиев Ш.

АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК БАСҚАРУ
КОНЦЕПЦИЯЛАРЫН ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ 143

Губашева Д.Т.

МАТЕРИАЛЫ БАЗЫ ДАННЫХ «THOMSONREUTERS» – ОЦЕНКА НАУЧНОЙ
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧЕНЫХ КАЗНУ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ НА НАЧАЛЬНОМ ЭТАПЕ
ТРАНСФОРМАЦИИ В ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ 146

Артыкова Е.У., Ахметова А., Хошаева Г.Б.

ЭВОЛЮЦИЯ КОММУНИКАТИВНОГО МЕТОДА В НАПРАВЛЕНИИ СОЗДАНИЯ КОНЦЕПЦИИ
КОММУНИКАТИВНО-ИНОЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ 152

Негизбаева М.О.

PR-ТЕХНОЛОГИИ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ 154

Мухатаева Қ.

МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ISSN АҚПАРАТТАР ЖҮЙЕСІ 157

Қадырғиязов Н.С.

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ СОТ РЕФОРМАСЫ 160

Қаңтарбаева Ж.О.

ЖАҢАЛАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БҰҚАРАЛЫҚ САНА 162

Мадалиева Ж.Қ.

АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ҰҒЫМЫ: ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ 165

Махмұтов Б.Л.

ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІНДЕГІ БАҚ-ТЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛЫҚ ОРНЫ 169

Мұсабеков М.Н.

ЖАҢАЛАНУ ЖАҒДАЙЫНДА АҚПАРАТ, АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ЖАСТАР
(«Геймерлерге» айналу) 173

АЯ

60

65

68

71

73

77

79

85

89

93



**«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ҮДЕРІСТЕР:
ЗАМАНА ТАЛАБЫ МЕН ТАЛҒАМЫ»** атты
халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

5 желтоқсан 2014 ж.

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической
конференции
**«ИНФОРМАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ
В КАЗАХСТАНСКОМ ОБЩЕСТВЕ:
ВЫЗОВЫ И ТРЕНДЫ ВРЕМЕНИ»**

5 декабря 2014 г.

MATERIALS
of International scientific and practical
conference
**«INFORMATION PROCESSES
IN KAZAKHSTAN SOCIETY:
CHALLENGES AND TRENDS»**

December 05, 2014

Алматы, 2015